

## **Бірыңғай бюджеттік жіктемеге N 54 толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2001 жылғы 23 мамырдағы N 268 бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 22 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1552

Қазақстан Республикасы Үкіметіне 2000 жылғы 26 шілдедегі N 1128 P001128\_ "Жекелеген ұйымдарға қатысты мемлекеттік меншіктің түрін өзгерту туралы" қаулысына сәйкес

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 715 V991058\_ "Бірыңғай бюджеттік жіктемені бекіту туралы" бұйрығына келесі толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік жіктемесіне:

бюджет шығыстарының функционалдық жіктемесіне:

10 "Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау" функционалдық тобында 2 "Су шаруашылығы" кіші функциясында 105 "Әкімдер аппараты" мем.мекеме-бағдарлама әкімшісі мынадай бағдарламамен толықтырылсын:

"48 Су беруге қатыссыз жергілікті сипаттағы гидротехникалық жүйелер мен ғимараттардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету".

2. Заң қызметі (Қ. Әбдіқалықов) және Бюджет (Б. Сұлтанов) департаменттері осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК